

Жаңақорған аудандық білім бөлімі

№163 орта мектеп

Тақырыбы:

Талаптыға нұр жауар.

Сыныбы: 8 “в”

Пән мұғалімі: Корпебаева Гүлжан

2015-2016 оқу жылы



Тақырыбы: Талаптыға нұр жауар.


Құндылық: Дұрыс «іс-әрекет

**Қасиеттер: мейірімділік, қамқорлық,
енбекқорлық**

Мұғалім: Гүльжан Корпебаева


Сынып: 8в

Оқушы саны: 28



Сабақ мақсаты: Оқушылардың бойында талап, ынта, жігер ұғымдарының құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері: - Күнделікті өмірде дұрыс іс -әрекет қасиеттерін дамыту; Әр адамға берілген дұрыс іс-әрекетті ажырата білу.Шыдамдылыққа, табандылыққа тәрбиелеу.



Сабақ барысы:
I. Ұйымдастыру кезеңі
Бес Т ережесі
Тәртіп
Талап
Тыныштық
Тазалық
Татулық



II. Тыныштық сәті (2-5 минут)

Баяу әуен қосылып тұрады. Балалар денемізді тік ұстап, ыңғайланып отырамыз. Көзімізді жұмамыз. Тыныштық бар жерде....

Тыныштық бар әлемде.... Күлімдеген күн, әсем табиғат, барлық адамдардың жүзі мейірімге толы, қандай әсем, қандай керемет. Біздің де жан дүниеміз бір тыныштық тапқандай бір рахат күйдеміз.

Осы сезімімізбен біраз уақыт өз жан дүниемізге үңіліп жақсы ойға шомайық.

III. Үй тапсырмасын тексеру

Оқулықта Мұқан Иманжановтың «Талап» атты әңгімесін үй тапсырмасы ретінде оқушылардан түсінік сұраймын. Түсінік айту барысында оқушылардың талаптану туралы білімдері арта түседі. Өйткені әңгімеден оқушылар адамның белгілі бір мақсатта талаптануында намыс, жігер қайрат сияқты адамгершілік қасиеттердің өзара байланысын жете түсінеді.

Фарузаның талаптануына не себепші болды?

Талап қылу адамға не үшін қажет?

Жаңа тақырып

**Балалар бүгін біз жаңа сабақ
«Талаптыға нұр жауар» атты
тақырыппен танысамыз. Олай
болса балалар жақсы адам болу
үшін талаптану жолдары туралы
түсінік алып, оны өмірде қолдана
алуды үйренеміз.**

IV. Дәйексөз

Сабақта берілген ақпараттар мен жаңа білімді түйіндеу мақсатында «Талап қылса ер егер, ұлт тағдыры көгерер» деген қанатты сөзді өз ойларымен айтуды тапсырамын.

Мақалдан қандай ой түюге болады?

Ү. Әңгімелеу (Мұғалімнің сыйлығы)

Қарттың ұлына өсиеті ертегіні айтып беремін

Бір бай өлер уақытында ұлын шақырып алып:

- Ұлым, мен өлген соң жұма сайын қыз алып, қала сайын үй сал. Ас жесең, бал же, - деп, өсиет айтыпты.

Бай дүниеден өтіп, ұлы атасының өсиетін орындай бастайды: жұма сайын қыз алып, қала сайын үй салады. Ас ішсе, бал ішіп, ақшасын бітіреді. Сөйтіп, жігіт жарлы болады. Бір күні жігіт далаға шығып біраз жүріп, бір үйілген тастың тасасына отырып, бөркін қолына алып басын ұстап отырған уақытта, бір жақтан бір шал келіп жігітке сәлем береді. Жігіт сәлемін алған соң, ол адам жанына отырады да жігітке:

- Неғып отырсың? - дейді. Жігіт:

- Жәй отырмын, - деп жауап береді. Шал:

- Шыныңды айт! - деп қыса бастайды. Жігіт еш нәрсе айтпайды. Шал:

- Сырыңды жасырма! Мен саған жақсылық көрсетемін, - дейді. Жігіт:

- Менің атам бай адам еді, сол атамның өлер алдында айтқан өсиетін орындаймын деп, кедей болдым, - дейді. Шал:

- Қандай өсиет айтып еді? - дейді. Жігіт:

- Әуелгі өсиеті: «Мен өлген соң жұма сайын қыз ал», - деп еді, мен атамның сол өсиетін тұтып, жұма сайын қыз алдым. Екінші өсиеті: «Қала сайын үй сал», - деп еді. Мен қала сайын үй салдым. Үшінші өсиеті: «Ас ішсең, бал же», - деп еді. Мен бұл өсиетін де орындап, әр күні бал жедім. Солай етіп, үш жылда барлық ақшам таусылды, - дейді. Шал тұрып жігітке:

- Сен атаңның өсиетін ұқпаған екенсің, өйткені атаңның: «Жұма сайын қыз ал» - дегені: «Әйеліңмен сыйлас бол, қадіріңді кетірме. Сонда ғұмыр бойы тату-тәтті өмір сүресің» - дегені. «Қала сайын үй сал» дегені: «Қала сайын достарың болсын, барғанда түсетін» - дегені еді. «Ас ішсең бал же» - дегені: «Еңбек істеп ас ішсең, балдан тәтті болады» - дегені еді, - деп, қарт өз жөніне кетіпті. Жігіт әкесінің терең мағыналы өсиетіне сонда ғана түсініпті.

•Ертегі не туралы?

• Бұл ертегі мен бүгінгі тақырыпта қандай байланыс бар?

• Сендер осы баланың орнында болсаңдар әке өсиетін дұрыс түсінесіңдер ме?



ҮІ.Шығармашылық жұмыс

1 топ: “Талапты жетер мұратқа”
тақырыбында эссе жазу

2 топ: “Талап” әңгімесі желісі
бойынша сурет салу

3 топ: “Талап” туралы мақал-
мәтелдер жазу және түсінік беру

ҮІІ.Топпен ән айту «Айналайын» әнін айту

Өзің едің тірегім де,
Жыр боп тұндың жүрегімде...
Сені мендей түсінетін,
Кім бар екен бұл әлемде?

Қайырмасы:

**Жарқын құшақ жайған айым,
Ниетіңе сай болайын.
Мені сүйген жүрегіңнің,
Лүпілінен айналайын.**

ҮШ. Үй тапсырмасы

Мұқағали Мақатаевтың «Күндестік құрысын» өлеңін түсініп оқып келу



ІХ. Соңғы тыныштық сәті

Баяу әуен қосылады. Балалар денемізді тік ұстап, еркін отырамыз. Қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Көзімізді жұмамыз. Балалар бүгінгі сабағымызды есімізге түсірейікші. Біз бүгін не білдік, не үйрендік сол туралы ойланайық. Жақсы ойларымызды жүрегімізде сақтайық. Әрқашан жақсылықта, амандықта болайық.

